

Б.Г. Нүрпеисов¹, М.К. Базарбаев¹, Г.Е. Жакина¹, Л.М. Базарбаева²

¹ *Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;*

² *Халықаралық Қырғызстан университеті, Бишкек*

(E-mail: nurpeisov_boran@mail.ru)

Индустриялық-экономикалық даму жүйесіндегі құрылыс материалдарының өндірісі

Мақалада құрылыс материалдары өндірісін дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелеріне жоспарлы және нарықтық экономика тұрғысынан да назар аударылып отыр. Құрылыс материалдары өздерінің қасиеттеріне байланысты әр түрлі конструкцияларын жасау қолданылады. Құрылыс материалдары өндірісінің негізгі іс-әрекеттер бағыттары ұсынылған. Құрылыс материалдары өндірісінің сұраныс пен ұсынысқа қазірше баға беруі көрсетілген. Құрылыс материалдары өндірісінің тиімді инфрақұрылымы сипатталған. Құрылыс материалдары өндірісіндегі сауда қызметінің механизмдерін жетілдіру ұсынылды. Индустриялық-инновациялық даму жүйесіндегі құрылыс материалдарын өндіруі қарастырылды. Мемлекеттік жеке серіктестік шегіндегі жеке меншік құрылысының өсуімен құрылыс материалдарының өндірісі саласының өсуіне талдау берілген. «Экспорт – импорт» жүйесіндегі елдер арасындағы құрылыс материалдары экспорты көрсетілген. Экспорт-импорт операцияларының динамикасы талданып, осы операциялардың географиясы мен елдер арасындағы көрініс негізгі бағыттары анықталды. Физикалық көлем индексінің параметрлері зерттеліп, осы индекстің оңды өзгерістерінің себептері табылды. Республикамыздың жалпы ішкі өнімінің талдауы, құрылыс индустриясы өнімдерінің үлесінің оңды динамикасын көрсетіп, осы бағыттардың факторларын анықтады. Қазіргі кездегі жағдайда берілген саланың қызметтеріне тікелей менеджмент пішінінде, жеке секторды қорғау, қолдау және ынталандыру пішінінде, жеке секторға қазіргі кездегі инвестициялық проекттерді іске асыруға жағдай жасау пішінінде мемлекеттің араласу қажеттілігі дәлелденді. Қалыптасқан жағдайда құрылыс материал өндірісін жетілдіруге ұсыныстар жасалған.

Кілт сөздер: цементтік клинкерлер, импорт, экспорт, цемент, ұлттық валютаның девальвациясы, эревес талшықты наноматериал, отқа төзімді цемент, өндірістің физикалық көлемі.

Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша құрылыс материалдарының өндірісі экономиканың басымдылыққа ие секторы ретінде белгілі. Аталған сектор архитектурадағы, құрылыстағы заңдылықтарға сәйкес құрылыс индустриясын материалдармен қамтамасыз ететін әртүрлі профилді өнімдер өндірісін білдіреді. Сектордың басымдылығы шикізат базаларымен, сала кәсіпорындарының өндірістік әлеуетінің болуымен, құрылыс өнімдерін жақын шетелдер нарығында өткізу болашағымен, ішкі сұраныстың объективті өсуімен анықталады.

Аталған басымды сектор үшін бағдарлама шегінде 4 (төрт) мақсатты индикатор қарастырылған, олар: жалпы қосылған құн (ЖҚҚ), жұмыспен қамтылғандардың саны, еңбек өнімділігі және шикізаттық емес экспорттың құндық көлемі. Жалпы қосылған құн базалық 2012 ж. салыстырғанда 2019 ж. 1,4 есе, осы салада жұмыс істемейтіндердің саны 7,7 мың адамға, еңбек өнімділігі 1,2 есеге, шикізаттық емес өңделген экспорттың көлемі 1,2 есеге өсуі керек.

Соңғы жылдары сала, жалпы ішкі өнімде өзінің өнімінің үлесін тұрақты өсуін (2015 ж. — 0,83 %) қамтамасыз етіп отыр, өнеркәсіп өнімінің көлемінде (2,8 %) — өңдеу-өнеркәсібі саласы өнімінде (7,3 %). Берілген өсім саладағы өндіріс көлемінің өсімі болып саналмайды. Бұл өндірістің жалпы құлдырауы себебі бойынша халық шаруашылығы саласы мен өңдеу өнеркәсібі арасындағы үлесті қайта бөлу көрсеткіші құндық көрсеткішпен құрылыс материалдарының өндірісі көлемінің тенденциясының төмендеуін білдіреді. Тек қана 2014 ж. салыстырғанда 2015 жылы 5 % соның ішінде натуралды көрсеткішпен 4,2 % өсім қамтамасыз етілді. Физикалық көлем индексі тұрақты өсіммен сипатталады (1-кесте) [1]:

2010–2014 жж., сонымен бірге 2015 ж. қаңтар-қазан айларына %-ғы Қазақстан Республикасындағы құрылыс материалдары өнеркәсібінің физикалық көлем индексі (ФКИ)

Құрылыс материалдарының өндірісі, т	2011 ж./2010 ж.	2012 ж./2011м	2013 ж./2012 ж.	2014 ж./2013 ж.	2014 ж., қаңтар-қазан 2015 ж., қаңтар-қазан
	116,5	110,7	114,3	106,4	104,2

Ескерту. [1] дерек көзімен құрастырылған.

Құрылыс материалдарының өндірісі бойынша саланың дамуы жеке меншік құрылысының өсуімен, мемлекеттік жеке серіктестік шегіндегі әлеуметтік объектілерді салумен, «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша инфрақұрылым объектілерімен, жолдарды қайта жаңғырту және құрылысымен байланысты болды. Жалпы 2015 ж. алдағы жылмен салыстырғанда инвестицияның көлемі 5 % өсті. 2015 ж. қаңтар-қыркүйек айларында индустрияландыру картасы бойынша инвестицияның жалпы көлемі 87000 млн теңге болған, жұмыс істейтін 19 кәсіпорын іске қосылды [2]. Қазақстанда құрылыс материалдарының өсімін ынталандырғандар және негізгі тұтынушылар жеке меншік құрылыстары болып саналады.

2015 ж. өнімдердің келесі негізгі түрлері бойынша, өндірістің физикалық көлемінің өсімдері байқалады: цемент — 10 %, цементтік клинкерлер — 12,8 %-тен 26 %.

Саладағы екі көрсеткіштердің арасында қалыптасқан арақатынас құрылыс материалдарын Ресей және басқа да өндірушілермен бәсекелестіктің, валюта ауытқуының, осы өнімнің арзандауының салдарынан пайда болды. Осындай жағдай импорт құрылымында да қалыптасты, мұнда құрылыс материалдарын негізгі жеткізуші болып Ресей саналады (импорттың жалпы көлемінде 53 %). 2014 ж. салыстырғанда 2015 ж. Ресейден құрылыс материалдарының импорты ақшалай көріністе 30,9 %-ға аз, ал натуралды мәнде 8,1 %-ға көп болған. Экспорт құрылымына қатты теріс сипат берген, бұл экономикалық дағдарыс: экспорт ақшалай көріністе 2014 ж. салыстырғанда 2015 ж. үшінші тоқсанында 59,2 %-ға, ал натуралды есептеуде 65,1 %-ға қысқарғаны көрінеді. Екі түрлі есептеуде де негізгі импортаушы елдер арасындағы экспорттың құлдырауы келесі түрде сипатталады (2-кесте) [3]:

2014 ж. қаңтар-қазан — 2015 ж. қаңтар-қазан кезеңіндегі импортаушы елдер тұрғысынан құрылыс материалдарының экспорты

Елдер	2014 ж., қаңтар-қыркүйек		2015 ж., қаңтар-қыркүйек		Ауытқулар %, мың долл.	Ауытқулар %, мың
	АҚШ мың долл.	т	АҚШ мың долл.	т		
Ресей	42648	308318	17335.6	24165	-59.4	-92.2
Тәжікстан	23966	183233	7960.4	58997	-66.8	-67.8
Қырғызстан	17208.1	70812.1	8906.8	52012	-48.2	-26.5
Өзбекстан	11045.4	58589.8	4646.6	4584	-57.9	-92.2
Түркіменстан	1257	1768.3	385.7	944	-69.3	-46.6

Ескерту. [3] дерек көзімен құрастырылған.

Ұлттық валютаның девальвациясы, импорт өнімдерінің өсуі (бағасы бойынша төмен, сапасы жоғары) отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді және соның салдарынан, әсіресе импортқа тәуелді кәсіпорындарда, сала өндіріс көлемі бойынша қысқаруға бағытталады. Қазақстан Ресей мен Қытайдың құрылыс материалдарын өткізетін нарық болып тұр.

Қазақстанға құрылыс материалдарын жеткізетіндер: Ресей, импортының жалпы көлеміндегі үлесі — 53 %, Қытай — 14 %, Түркия — 5 %, Украина, Германия — 4 %-дан, Өзбекстан, Иран, Корея, Белоруссия — 2 % дан. Қазақстан өнімдерінің негізгі экспорт көлемі жақын шетелдерге жіберіледі: Ресейге экспорттың жалпы көлемінен — 39 %, Қырғызстан — 20 %, Тәжікстан — 18 %, Өзбекстан — 10 %, Польша мен Чехияға — 3 %, Әзербайжан — 2 %, Украина, Грузия және Түркіменстанға — 1 %. Қазақстан өнімдеріне экспорт-импорт динамикасы теріс сипатта болып отыр. Тек қана Ресеймен экономикалық қатынасының натуралды көрінісінде экспорт 77 % төмендеді, ал импорт 8 % өсті.

Дүниежүзілік жағдаяттың (конъюнктураның) нашарлауы әлемдік ойыншылардың (серіктестердің) арасындағы бәсекелестіктің арттуына, әлсіз бәсекелестерді «жұтуға» әкеледі, жаңа

нарықтарды іздеуде жалпы саясат жүргізу мақсатында саланың ірі компанияларының бірігуі орын алды. Дамушы елдерде үкіметтің әсер етуінің күшеюі – бәсекелес ортаны жасауға теріс әсер етуде.

Осы ғаламдық үдерістер импорттың үлес салмағының өсуіне әкеледі, ол, өз кезегінде, тауарлық тәуекелділікті күшейтті. Импорттық өнімдердің (негізінен Ресей мен Қытайдан) бағалары анағұрлым төмен және құрылыс нарығының сапа параметрлеріне жауап беретін болғандықтан, бәсекеге қабілеттірек. Қазіргі кезде импорттық шикізат қолданатын кәсіпорындар өндіріс көлемін қысқартып жатыр. Өндіріс көлемінің қысқаруы, қаржылық ауыртпашылықтың (борыштық міндеттемені өтеу) күшеюі, жұмысшы қызметкерлер санының қысқаруына әкеледі.

Ресейлік рубль курсының динамикасы еліміздің шекарасына жақын орналасқан аудандары кәсіпорындарының экономикалық жағдайына теріс әсерін тигізді. Қазақстандық құрылыс өнімдерінің экспорты қысқарды. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі ұлттық құрылыс индустриясы үшін жаңа тәуекелдер туғызды. Қазақстан өзінің қорғаныс шараларын қалыптастырмай, әзірше Ресей, Белоруссия өнімдерін нарық болып қалып отыр. Берілген жағдай келешекте де тұрақты болып қалмақ. Осы елдерге, Қазақстанның экспортына қарағанда, импорт тезірек өсуде, сонымен өзіміздің ішкі нарығымызда отандық тауарларды ығыстырудың ұзақмерзімдік тәуекелі болып тұр.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі көптеген елдердің экономикасының өндірістік базасының маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Қазіргі кездегі құрылыс өнімдерінің дүниежүзілік нарығы экологиялық таза материалдарға, күшті архитектуралық, интеллектуалдық жобаларға бағытталған жаңартпамен сипатталады.

Құрылыс материалдарының ресейлік индустриясы 2015 ж. қаңтар-қыркүйек айларының өзінде жалпы өндіріс көлемі физикалық параметрде 2,6 % құлдыраумен сипатталады. Құрылыс өнімдерінің негізгі түрлері бойынша: цемент — 9 %, кірпіш — 6,6 %, темірбетон конструкциясы — 6,8 %, жалпақ шыны — 5 %. Қазақстан сияқты Ресейдің де саласы көбінде импортқа тәуелді, бірақ импорт көлемінің төмендеу тенденциясы көрінеді (3-кесте) [4].

3 - кесте

Ресейге металдық емес басқа да өнімдердің импорттары, АҚШ мың долл.

Елдер	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	6 ай 2015 ж.
Барлығы	1779868	2496495	3130511	3074523	2866835	681484
Қытай	344953	502748	512945	490116	466108	108333
Германия	273947	355776	352904	393339	375641	112450
Белоруссия	0	0	251658	338866	373619	122161
Түркия	140912	224775	311503	269984	209772	24744
Польша	100254	136499	131461	167113	167201	48199
Франция	70081	102904	96644	104786	91733	19827
Чехия	90886	113513	92696	95546	82808	14118
Корея	49409	72362	91078	83921	80744	13067
Бельгия	83366	102743	97642	103481	70912	22248
Ұлыбритания	35973	41997	50227	66861	64771	12468
Украина	83517	135609	132442	104879	62389	13057
АҚШ	29931	48452	46505	51074	61884	17644
Финляндия	52485	62536	55398	66659	61037	9534
Сербия	49720	66315	66977	67469	57416	546
Швеция	18298	30125	23839	48055	47796	4693
Жапония	30471	38836	41642	51374	42398	9928
Иран	335	7059	30404	48839	42319	7748
Латвия	16674	30730	39102	43530	36132	16312
Нидерланд	29890	35260	32679	33488	35996	8123
Аустрия	24632	29584	27547	28876	35586	8262
Литва	208	33593	40353	43859	32061	9587
Қазақстан	0	0	240386	16692	29760	8517
Эстония	15021	26395	31234	32257	27089	5509
Испания	21010	30216	27023	27407	26185	5262
Словения	4959	7191	9603	16574	22851	7310
Румыния	9931	10578	23023	10339	16150	4770
Швейцария	12961	15005	20250	21414	16102	1810
Басқа да елдер	107056	141669	158803	157741	150992	28103

Ескерту. [4] дерек көзімен құрастырылған.

Құрылыс материалдарының импортындағы құрылымы бойынша импорттың негізгі бөлігі құбырға келеді, пластмассадан — 21 %, плиталар, эревес талшықты — 17 %, цемент — 9 %, «фан пан және басқа да қабатты эревес талшықты», «отқа төзімді цемент» сияқты материалдарға импорттың тиісінше 2,1 % өсуі байқалады.

2014 ж. кезеңімен салыстырғанда 2015 ж. жарты жылында Ресейдің құрылыс материалдары экспорты 23.6 % қысқарды. Экспорттың төмендеуінің негізгі себептері: импорттаушы елдердің валюталарының сатып алу қабілеттілігінің төмендеуі (Қазақстан, Белоруссия, Әзербайжан және т.б.) дүниежүзілік шаруашылықтағы жалпы дағдарыс жағдайы.

Ресей экспортының көптеген көлемі Қазақстанға экспорттың жалпы көлемінен — 17 %, Әзербайжанның үлесі — 11 %, Польшанікі — 7 %. Белоруссия, Египет, Германия әрбір елдікі — 6 % - ды құрайды. Ресей құрылыс өнімдерінің ірі тұтынушысы болып Қазақстан саналады: құрылыс, егін тұтынудан — бірінші орын, Ресей цементін тұтынудан — екінші орында. Төмендегі кестеден елдер арасындағы Ресейден импорт бойынша статистикалық мәліметтер берілген.

4 - кесте

Ресейге металдық емес басқада өнімдердің экспорты, АҚШ мың долл.

Елдер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	6 ай 2015 ж.
Барлығы	534196	1050738	1158164	1100776	931994
Қазақстан	0	364948	421769	383679	159142
Белоруссия	0	150797	177133	195065	54030
Украина	198825	236546	236916	179944	44750
Әзербайжан	37277	41677	39760	33894	32377
Өзбекстан	20549	24310	24453	30825	46270
Германия	25630	23703	23624	26284	59168
Финляндия	23131	22110	21775	21951	35309
Польша	20701	14027	18171	19889	24067
Литва	13255	11716	14269	18223	9617
Грузия	1370	12107	11405	11894	6224
Чехия	7985	8503	9926	11077	12911
Молдовия	8451	8907	10275	10983	4561
Латвия	11652	11895	9059	10512	30695
Эстония	10463	11045	10863	10250	14265
Монғолия	10993	10567	9493	10118	
Қырғызстан	7272	8045	10384	9647	13597
Швеция	10706	9082	8107	8202	7976
Түркия	1432	1801	2104	7716	47956
Түркіменстан	5807	7647	10212	7686	3648
Тәжікстан	6646	8404	10256	7660	9352
Үндістан	5793	6675	5256	7150	3882
АҚШ	3912	4849	7020	7085	68253
Болгария	3973	5963	6010	6147	3731
Бельгия	1898	3844	5604	5669	7726
Италия	3930	2493	3625	5225	25294
Румыния	3427	3199	2760	4641	2806
Египет	1928	1382	3648	2708	56972
Словакия	1942	2380	2558	2651	2478
Ұлыбритания	2274	832	2956	2450	20545
Нидерланд	1753	1573	2576	2220	13248
Алжир	1643	2077	2084	2212	280
Басқа мемлекеттер	79574	27626	34105	37118	110859

Ескерту. [5] дерек көзімен құрастырылған.

Берілген сала қазіргі кездегі технологияларды қолдануға: энергия үнемдеу шынысы, «жасыл» материалдар, көркемөнер құрылысы мен наноматериалдарға өтіп келеді. Отандық нарықта жұмыс істейтін өндірістер негізінде жаңа технологияларды қолдану арқылы наноматериалдарды пайдалану өте қиындыққа соғады.

Құрылыс индустриясының даму келешегі қазіргі кездегі жаңа технологияларды қолданумен байланысты, ол энергия сақтаушы «жасыл» және наноматериалдарды өндіруге мүмкіндік

жасайды [5]. Отандық және ресейлік нарықтарда қазіргі кездегі жаңа технологияларды қолдану әртүрлі себептер бойынша (жалпы белгілі) қазіргі жағдайда көп мәселелі болып тұр.

Өндіріс технологиясын іске асыру экологияның, экономиканың және минералды шикізатты кешенді қолданудың қазіргі кездегі талаптарына әрдайым сәйкес келе бермейді, оларға жоғарғы энергия жұмсағыштық, қоршаған ортаға қалдықтарды шығару, аз өндірімді және бәсекеге қабілетсіздіктер тән. Қалыптасқан жағдайды қажетті жабдықтарды өндірудің болмауы қиындатады.

Осы кезде мемлекеттің көмегімен инвестицияны ынталандыру болмаса, құрылыс индустриясының кәсіпорындары жұмыс істей алмайды. Осы облыстағы мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мүмкін болатын құлдырауды бәсеңдетеді деген болжау бар. Теңгенің арзандауымен байланысты төлем қабілеті бар сұраныс азаяды, бұл құрылысқа инвестиция ағымына теріс әсер береді.

Сонымен бірге көп күрделі әкімшілік процестер, ұйымшылдық практиканың ауыртпашылығы, құрылыс материалдарының экспорты мен құрылыс индустриясының дамуы үшін кедергі жасайды. Бәсекелес ортаның әкімшілік тосқауылдардан қорғалмағандығы, берілген сала нарығында кәсіпкерлерге міндетті талаптардың (көптеген елдерде бар) жасалмағаны, республика үшін несиеге банктік жүктеменің көтеріңкі деңгейі, тасымалдау қызметіне, энергия үнемдеу және басқада қызметтер түрлеріне тарифтердің көтерілуі, құрылыс индустриясы өнімдерінің ірі тұтынушыларына қолданушылық (протекционистік) шараларды іске асыру, объективті түрде берілген сала қызметтерінің барлық бағыттары бойынша жекеменшік пен мемлекеттік әріптестіктің тереңдеуін, кеңейуін тудырады.

Экономиканың өндіріс материалдарын өндіру секторында қалыптасқан жағдайға байланысты келесі қажеттіліктер ұсынылады:

– біріншіден, барлық деңгейде бюджет қаражаты есебінен салынатын құрылыс объектілеріне қолданатын отандық өнімдер болса, оның орнына импорттық өнімдерді қолдануға заң жүзінде тыйым салуды енгізу керек;

– екіншіден, құрылыс өндірісінде қолданылатын химиялық наноөнімдердің импортына баж алымын төмендету;

– үшіншіден, сапалы жаңа параметрлі өнім өндірісіне инвестицияларды тарту;

– төртіншіден, өндірістік инфрақұрылым қызметтеріне тарифтерді төмендету қажет;

– бесіншіден, экономиканың берілген секторындағы теріс әрекеттермен күресетін салада құқық қорғау органдарының күресін күшейтіп, жетілдіру.

Индустриалдық–инновациялық даму бағдарламасы бойынша инвестициялық жобалады іске асыру жаңа технологияларға көшуге қамтамасыз етеді. Бұл объективті түрде тұрғын үйлер құрылысын, аз шығындалатын жоғары тұтынушылық сапалы параметрі бар өндірістік құрылыс салуға көмек береді.

Қазіргі кезде Қазақстанның құрылыс материалдар саласында жан-жақты даму табысты жүріп жатыр, сонымен бірге бұның негізіне кластерлік қатынас алынды, ал қалыптасатын ұлттық инновациялық жүйе жаңа технологияның жаңа экономикасының жолы болып табылады. Құрылыс материалдар өндірісі экономиканың негізгі салаларының біріне жатады – құрылыс индустриясы тек қана басқа саланың өсуін алдан ала болжап қоймай, қоғамның тұрмыстық жағдайына да әсерін тигізеді. Соңғы жылдары тұрғын үй саясатын іске асыруға байланысты оның құнын төмендету және халықтың тұрғын үйге деген мүмкіндігін арттыруына сай, құрылыс материалдар өнеркәсібі қарқынды дамып келеді. Барлық категориядағы үйлерге қауіпсіздік, сенімділік және ұзақтық талаптары қойылады. Сол себептен құрылыс конструкцияларының сенімділігін, жоғарғы жылу қорғау қасиетін қамтамасыз ететін, құрылыс материалдарына деген сұраныс арта түседі. Қандай құрылыс болмасын, оның пайдалану мерзімі және ұзақтылығы пайдаланатын құрылыс материалының сапасына тікелей байланысты. Бұл бір өзінше аксиома, яғни, дәлелдеуді қажет етпейтін, елдің бәрі біле беретін нәрсе.

Тұрғын үйдің құны құрылыс материалдар құнының айтарлықтай үлесін құрайды, сондықтан құрылыс материалдар индустриясын ұйымдастыру, тұрғын үй бағдарламасын орындаудағы негізгі шарты болып табылады. Кейбір құрылыс материалдарына деген сұраныс шет елден әкелініп қанағаттандырылатын болса да, қазіргі кезде өзімізде негізгі құрылыс материалдарының түрінің көлемі тұрақты өсіп отырғаны байқалады.

Құрылыс материалдары саласын одан әрі дамыту үшін келесілер ұсынылады:

1. Мемлекеттің есебінен іске асыратын арендалық тұрғын үй, сонымен бірге әлеуметтік объектілердің құрылыстарын салу кезінде, отандық тауарларды көбірек тарту керек.

2. Құрылыс материалдары өндірісі саласы бір жылдық нарық болып сипатталатындықтан, ал базалық құрылыс материалдарын өндірушілердің негізгі үлесін отандық кәсіпорындар құрайтындықтан, берілген шара әлі көкейкестілі болып тұр.

Ірі әлемдік компаниялар логистикадан басқа компанияның табысын пайдалы қолдану үшін қосымша қызметтер саласын дамытуда. Мысалы, дүниежүзілік цемент өндіруші – Lafarge цемент өндірісінің шикізаты үшін балама отын ретінде тұрмыстық және басқа да қалдықтарды жою және қайта өңдеу үшін қалаға, оның клиенттеріне қосымша қызмет (сервис) ұсынады. Сонымен бірге Henkel деген еуропалық құрылыс материалдарын өндірушілері құрылыс индустриясы, жұмысшыларын шығарылатын өнімдерді дұрыс және тиімді пайдалануға оқыту қызметін кең қолданады, бұл компания тауарларын танып білуге, оған сенуге жақсы көрсеткіш болып саналады.

3. Қазақстан нарығында да қалдықтарды қайта өңдеу қызметін ынталандыру мақсатында кәсіпорындарға, өнеркәсіптік қалдықтарды жоюға (облыс әкімдіктеріне, кісіпорындарға), мемлекеттік заказды орындауға байқауға қатысатындарға жеңілдетілген мүмкіншілік беруді қарастыру керек.

4. Кәсіпорындарға өздерінің қозғалыс техникаларын лизингке сатып алуға мүмкіншілік жасау керек. Бұл ұсыныс жүк тасымалдауға тарифтердің тұрақты өсуімен, тауардың өзіндік құнында көлік құрамының өсуімен байланысты әлі көкейкестілі болып тұр.

5. Құрылыс материалдары өнеркәсібі экономикалық көптеген салаларымен тығыз байланыста және өзара пайдалы қатынастарға кіруге болғандықтан, салааралық кооперацияны кеңейтулері қажет.

Құрылыс индустриясы шығарылған өнімдердің негізгі тапсырушылары және тұтынушылар болып саналады.

Сондықтан құрылыс материалдарын өндіру үшін табиғи және энергетикалық ресурстарды ауыстыруға болатын қалдықтарды жеткізушілер металлургия, коммуналды шаруашылық, мұнай шығару және және мұнай өңдеу, сонымен бірге химиялық өндірушілер болып табылады. Бұл өз кезегін өнеркәсіптік және коммуналды шаруашылық қалдықтарды қолдану кезінде оларды орналастыруға (экологиялық төлемді) төлем ақыны төмендетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 2015-2019 жж. Қазақстан Республикасының жедел индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекет бағдарламасының көрсеткіштері: стат. бюлл. / Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі бойынша Статистика комитеті. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.stat.gov.kz/fakes/wcnav_externalld/publications GPFIR.

2 Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикасы министрлігі Статистика комитеті қаңтар-қазан 2015 ж. Қазақстан Республикасында негізгі капиталға инвестициялары туралы: стат. бюлл. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersInvestment.aspx>.

3 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі жұмысының негізгі көрсеткіштері статистика бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті: стат. бюлл. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.stat.gov.kz/fakes/wcnav_externalld/homeNumbersIndustry.aspx.

4 Росстат: федеральная служба государственной статистики. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.gks.ru/>.

5 Нурпеисов Б.Г. Технология в системе экономических отношений // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2013. — № 3(71).

Б.Г. Нурпеисов, М.К. Базарбаев, Г.Е. Жакина, Л.М. Базарбаева

Производство строительных материалов в системе индустриально-экономического развития

Дается анализ развития отрасли по производству строительных материалов с ростом частного строительства в рамках государственно-частного партнерства. Показан экспорт строительных материалов в разрезе стран в системе «экспорт-импорт». Анализируется динамика экспортно-импортных операций, выявлены основные направления этих операций и их география (страновой аспект). Исследованы параметры индекса физического объема, выявлены причины позитивного изменения индекса. Анализ ВВП республики позволил показать положительную динамику доли продукции строительной индустрии и факторы данной тенденции. Обосновывается необходимость государственного вмешательства в деятельность данной отрасли в формате: менеджмента непосредственно; развития государственного сектора данного производства; стимулирования

поддержки защиты частного сектора; создания условий частному сектору по реализации современных инвестиционных проектов. В сложившихся ситуациях приводятся предложения по совершенствованию производства строительных материалов.

Ключевые слова: цементные клинкеры, импорт, экспорт, цемент, девальвация национальной валюты, волоконистый наноматериал, огнестойкий цемент, физический объем производства.

B.G. Nurpeisov, M.K. Bazarbaev, G.E. Zhakina, L.M. Bazarbaeva

Production of construction materials in the industrial and economic development

In article is considered productions of construction materials in system of Industrial and innovative development in the State program. The article discusses the production of building materials in the system of industrial-innovative development of the State program. The analysis of development of the industry for the production of building materials with an increase in private construction in the framework of public-private partnership. in the «export-import» system is shown exports of building materials in the context of countries. Analiziruetsya dynamics of export-import operations, identified the main directions of these operations and their geography (country side). The parameters of the index of physical volume, the causes of positive change in the index. The analysis of the GDP has allowed to show the positive dynamics of the share of products stroytelnoy industries and factors this trend. The necessity of state interference in the activities of this industry in the management format directly in the format of the public sector of the production and format to stimulate support for the protection of the private sector, in the format of the creation of conditions to the private sector for the implementation of advanced investment projects. In this situation, given proposals to improve the production of building materials.

Keywords: cement clinkers, import, export, cement, devaluation of the national currency, creves fiber nanomaterial, fire resistant cement, physical volume of production.

References

- 1 2015-2019 zhzh. Kazakstan Respublikasynyn zhedel industriialyk-innovatsiialyk damu boynsha memleket bahdarlamasynyn korsetkishteri [2015-2019 On the ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan indicators of the program of innovative development of the operational state of an industriyalda on]. Kazakstan Respubikasynyn Ultyk ekonomika ministrlihi boynsha Statistika komiteti – the Republic of Kazakhstan of statistics committee. *www.stat.gov.kz*. Retrieved from http://www.stat.gov.kz/fakes/wcnav_externalld/publications GPFIR [in Russian].
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Ultyk ekonomikasy ministrlihi Statistika komiteti kantar-kazan 2015 zh. Kazakstan Respublikasynda nehizhi kapitalha investitsiialary turaly [Statistics of committee of the ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan January - October, 2015 of V to the Republic of Kazakhstan of investment into fixed capital]. *www.stat.gov.kz*. Retrieved from <http://www.stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsOper/homeNumbersInvestment.aspx> [in Russian].
- 3 Kazakstan Respublikasynyn onerkasibi zhumysynyn nehizhi korsetkishteri statistika boynsha Kazakstan Respublikasynyn Ultyk ekonomika ministrlihinin Statistika komiteti [According to the statistics Ministries of national economy of the Republic of Kazakhstan of statistics of the industry of the Republic of Kazakhstan main indicators of work committee]. *www.stat.gov.kz*. Retrieved from http://www.stat.gov.kz/fakes/wcnav_externalld/homeNumbersIndustry.AspX [in Russian].
- 4 Rosstat: federalnaia sluzhba hosudarstvennoi statistiki [Rosstat: federal service of state statistics]. *www.gks.ru*. Retrieved from <http://www.gks.ru/> [in Russian].
- 5 Nurpeisov, B.G. (2013). Tekhnolohiia v sisteme ekonomicheskikh otnoshenii [The technology in the system of economic relations]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Ekonomika – Bulletin of the Karaganda University. Series Economy, 3(71), 32* [in Russian].